Нартай Ажар Нартайқызының
«6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесіне ізденуге арналған

«Қазақстан республикасының құқық жүйесіндегі геномның заңдық мәртебесін сәйкестендіру мәселелері» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі (жауаптардың біреуін белгілеу қажет)	Ресми рецензенттің ұстанымы (ескертулерді курсивпен белгілеу керек)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы.	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында геномдық құқықтық сәйкестендіру бойынша арнайы мемлекеттік бағдарлама болмаса да, адам геномы туралы конвенцияны ратификациялағаннан кейін, сол халықаралық құжат негізінде бірқатар нормативтік процестер жүзеге асырылуда. Мысалы, «Гендік инженерлік қызметті мемлекеттік реттеу туралы» заң жобасы дайындалды, оған қатысты ҚР Үкіметінің 2010 жылғы 30 қыркүйектегі №1012 қаулысы бар. Сонымен қатар, 2023 жылғы 14 қыркүйекте ҚР Денсаулық сақтау министрінің №149 бұйрығымен «Қазақстан Республикасында медико-генетикалық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты» бекітілді. Жуырда геномдық және дактилоскопиялық тіркеуге қатысты заң
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін	

		көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	қабылданып, Қылмыстық кодекске адамды клондауға байланысты арнайы бап енгізілді. Бұл аталған фактілер соңғы он жыл ішінде елімізде осы салада бірқатар маңызды нормативтік қадамдар жасалып жатқанын көрсетеді. Осыған орай, диссертациялық жұмыс ғылымды дамытудың басым бағыттары мен мемлекеттік бағдарламаларға толық сәйкес келеді деп айтуға болады
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	2.1. Жұмыс ғылымға **<u>елеулі үлесін қосады</u>**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **<u>ашылған</u>**/ашылмаған.	Диссертациялық зерттеудің өзектілігі нақты әрі негізді түрде айқындалып, оның құқық теориясы мен құқық қолдану тәжірибесіне қосар үлесі зор екені көрінеді. Зерттеудің ғылыми маңыздылығы, ең алдымен, интердисциплинарлық әдістемелік тәсілдер арқылы заң ғылымында тың инновациялық бағыттарды дамытуға мүмкіндік беруімен ерекшеленеді. Жұмыста геном мәселелеріне қатысты маңызды құқықтық аспектілер — ұлттық, қоғамдық және халықаралық деңгейлерде — жан-жақты зерделеніп, ғылыми тұрғыда тұжырымдалған. Бұдан бөлек, диссертацияда ұсынылған ғылыми

			нәтижелер мен қорытындылар биохакерлік әрекеттер, генетикалық түрлендірілген өнімдер, генетикалық залал келтіру және осы сипаттағы өзге де құқықбұзушылықтарға байланысты жауапкершілік тетіктерін жүйелі әрі кешенді түрде сипаттайды.
3.	Өзі жазу принципі	3.1 Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Зерттеу жұмысы барысында автор ғылыми мәселелерді өз бетінше саралап, оларды жүйелі түрде шешу қабілетін жоғары деңгейде көрсетті. Бұл оның теориялық білімді тәжірибемен ұштастыру арқылы күрделі құқықтық мәселелерді терең әрі жан-жақты талдай алатындығын айқын дәлелдейді. Сонымен қатар, диссертация нәтижелері негізінде автор бірнеше ғылыми мақала әзірлеп, оларды жетекші отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда жариялаған. Бұл оның жүргізген зерттеуінің ғылыми құндылығы мен өзектілігін нақты түрде көрсетеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген;** 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі, ең алдымен, гендік инженерия нәтижелерінің күнделікті өмірде әрбір азамат үшін тікелей мәнге ие болуымен және олардың келешек ұрпақтардың генетикалық қауіпсіздігіне елеулі әсер етуімен айқындалады. Геномды қорғау — кез келген мемлекеттің, соның ішінде Қазақстан Республикасының, стратегиялық маңызды бағыты болып

			табылады. Әдеби деректерге сүйенсек, геномдық қатынастардың дамуы макро деңгейде төрт негізгі секторда көрініс табады: біріншісі — экология саласы, әсіресе шөлейттену секілді ландшафттық проблемалармен күресу; екіншісі — агроөнеркәсіптік кешен, мұнда жоғары өнімділікке, ауруға төзімділікке ие ауыл шаруашылығы дақылдары мен үй жануарларының жаңа тұқымдарын шығару өзекті; үшіншісі — денсаулық сақтау саласы, оның ішінде онкологиялық, вирусологиялық және тұқым қуалайтын аурулардың алдын алу мен емдеуге, сондай-ақ экстракорпоральды ұрықтандыру арқылы генетикалық патологиялардың алдын алуға бағытталған зерттеулер; төртіншісі — азық-түлік өнеркәсібі. Осылайша, геномдық құқықтың элементтері бүгінде тек тар шеңбердегі ғылыми ортада ғана емес, сонымен қатар әрбір азаматтың немесе ұйымның күнделікті өмірлік тәжірибесінде де кеңінен қолданыс табуда.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) **<u>айқындайды;</u>** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертацияның мазмұны құрылымдық және жүйелілік тұрғысынан логикалық бірізділікпен құрылып, ғылыми талаптарға толықтай сай келеді. Зерттеудің мазмұндық артықшылығы – әрбір қойылған міндеттің дәйекті түрде

			ашылып, біртұтас ғылыми жүйеге біріктірілуінде. Бұл диссертациялық жұмыстың ішкі құрылымының тұтастығын және зерттеудің тереңдігі мен мақсатқа бағыттылығын айқын көрсетеді.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертациялық зерттеудің мақсаты — Қазақстан Республикасының заңнамалық нормаларын басшылыққа ала отырып, әдеби шолу, нормативтік-салыстырмалы талдау, прецеденттер мен статистикалық мәліметтер негізінде еліміздегі геномның құқықтық мәртебесін айқындау, сондай-ақ геномдық құқықтық қатынастардағы тәуекелдер мен талдау әдістерін көрсету арқылы реттеу аясын нақтылау болып табылады. Қойылған мақсатқа сәйкес зерттеу міндеттері кезең-кезеңімен шешіліп, олардың нәтижесінде белгілі бір тұжырымдарға қол жеткізілді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) **толық байланысқан;** 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар диссертациялық зерттеу бөлімдерінің мазмұнынан туындайтын логикалық жалғастық болып табылады және бір-бірімен тығыз байланыста жүзеге асады. Диссертацияның қорытындысында келтірілген басқа да анықтамалар, тұжырымдар мен ұсыныстар ғылыми жұмыстың кіші бөлімдерінің мазмұнымен үйлесімді және негізді түрде дәйектелген. Зерттеушінің алынған барлық ғылыми

			нәтижелері тиісті дәлелдемелермен қамтамасыз етіліп, жалпы ғылыми, жеке ғылыми және эмпирикалық зерттеу әдістерінің кешенді қолданылуы арқылы расталады.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Сыни талдау нәтижелері бойынша мынадай қорытындылар мен ұсынымдар әзірленді: - Салыстырмалы-құқықтық талдау негізінде геномның мәртебесін реттейтін отандық заңнаманы жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар ұсынылды; - Геномға қатысты үдерістер мен биотехнология саласындағы зерттеулерді құқықтық реттеу мәселелері бойынша ұсынымдар жасалды; - Геномдық құқық қатынастарының сипаттамасы жүйелі түрде қалыптастырылды; - Геномдық құқықтық саладағы потенциалды құқықбұзушылықтар бойынша істердің нәтижелерін жан-жақты талдау негізінде бірқатар жаңа ұсынымдар дайындалды. Аталған шешімдер жалпыға танымал шешімдермен салыстырғанда жаңашылдыққа ие болып табылады.
		1) **сыни талдау бар;**	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Ғылыми нәтижелер мен қағидаттардың шамамен 75%-ы жартылай жаңа сипатқа

		1) толығымен жаңа; 2) **ішінара жаңа (25-75% жаңа);** 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	ие болып табылады. Қазақстан Республикасының құқық жүйесінде геномның заңдық мәртебесін сәйкестендіру мәселелері құқықтану теориясы мен практикасында әлі де фрагменттік түрде қолданылуда.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; **2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);** 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертация қорытындыларының 75%-ы жартылай жаңалыққа ие болып табылады. Геномдық тіркеу саласындағы құқықтық нормалар соңғы 2–4 жылда қалыптасып, бұл бағыт әлі де жаңа әрі жан-жақты зерттелмеген сала ретінде қарастырылады. Әсіресе, 2021–2024 жылдар аралығында заңнамалық база түзілуі осы тақырыптың қазіргі кезде ерекше өзектілігін арттырады. Бұған дейін геномдық құқықтық қатынастар құқықтық ғылымның арнайы салаларында толық зерттелмеген. - Қазіргі кезде геномдық құқық элементтері тек мамандандырылған әрекеттер мен зерттеулермен шектелмей, сонымен қатар әрбір азаматтың және ұйымның күнделікті өмірінде де кеңінен кездеседі. Екіншіден, Қазақстанда геномдық құқық объектілері өз түрлері мен типтеріне сәйкес нақты жіктеліп, саладағы зерттеулермен тығыз байланыста дамуда. Елдің алдағы онжылдығына арналған басым бағыттарға

			сәйкес геномдық құқық объектілері үш негізгі топқа бөлінеді: флора (өсімдіктер әлемі), фауна (жануарлар әлемі) және адамға қатысты объектілер. Қажет жағдайда басқа салалар да қосылуы ықтимал. - Геномдық құқық субъектілері мемлекеттік тізімде тіркелген қызмет түрлеріне сәйкес жүйеленіп, олар қатаң мемлекеттік бақылауда болады. Бұл бақылау атқарушы органдармен қатар, ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы тарапынан да жүзеге асады. Сол себепті ҰМҒТСО-ның рөлі ерекше болып табылады. Алайда, алдыңғы онжылдықта биохакерлікке қарсы күрес стратегиясын дамыту қажеттігі де байқалады. - Халықаралық құқықтық талдаулар геномдық операциялар, адам геномы және клондау мәселелеріне терапевтік мақсатта ерекше назар аударылғанын көрсетеді. Бесіншіден, Қазақстандағы геномдық қатынастарды құқықтық реттеу жүйесі қазіргі заманғы талаптарға сәйкес тиімді жұмыс істеуде. Генетикалық ақпаратты медицина мен құқық қорғау саласында қоғам игілігіне пайдалану үшін қажетті құқықтық тетіктер қалыптасқан. Дегенмен, геномдық құқық объектілері

			мен субъектілерін санаттарға бөлу үшін диспозитивті нормаларды күшейту қажет. - Көптеген прецеденттерде адамның қадір-қасиеті, жеке меншігі, ерікті келісімі және денсаулығын қорғау басымдығы баса айтылған. Жетіншіден, зерттеу барысында респонденттердің көпшілігі геномдық қатынастарды нақты азаматтық-құқықтық механизмдер арқылы реттеу қажеттігін атап көрсеткен. - Қазақстанда геномның мәртебесін реттейтін арнайы нормативтік-құқықтық актілер мен оған қатысты әрекеттер мен іс-әрекетсіздіктерді реттейтін нақты құқықтық анализаторлар енгізілуі тиіс. Тоғызыншыдан, мұндай анализаторда құқықтық нормалармен қатар биоэтикалық қағидалар да міндетті түрде ескерілуі қажет.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; **2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);** 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Техникалық, технологиялық, экономикалық және басқару шешімдерінің шамамен 75%-ы жаңалық болып табылады. Қазақстан Республикасының құқық жүйесінде геномның заңдық мәртебесін сәйкестендіру мәселелері құқықтану теориясы мен практикасында алғаш рет ашық дерек көздері, арнайы базалар және сот шешімдерін талдау негізінде кешенді түрде ұсынылды. Сонымен қатар, статистикалық зерттеулер

			аясында корреляциялық мәліметтер сапалы талданып, прецеденттерге ғылыми баға беріліп, жаңашыл авторлық анализаторлар жасақталды. Алайда, автор нормативтік-құқықтық актілерге енгізу ұсыныстарын берсе де, олардың жүзеге асырылуы үшін қажетті ресурстарды талдау мен шығындарды есептеуді қамтымаған.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	**6.1 Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/**негізделмеген (qualitative research (қуолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық зерттеудің нәтижелері таңдалған зерттеу әдістерінің кешенділігімен және зерттелген әдебиеттердің кең ауқымымен дәлелденеді. Сонымен қатар, диссертант әдебиеттік шолуды жүйелі және сапалы түрде орындап, аналитикалық қабілеттерін жоғары деңгейде көрсетті. Әрбір тарау мен бөлімде пропорционалдық принцип сақталып, нақты тақырып аясында территориалдық мәселелерге сәйкес жіктеу жүйелі түрде жүргізілді. Әр бөлімде дереккөздер отандық, жақын шетелдік және алыс шетелдік зерттеулер бойынша топтастырылып қарастырылғаны зерттеудің сапасын арттырады және бұл тәсіл жоғары бағаланады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі тұжырымдар	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Тұжырым дәлелденді ме?	Диссертацияда қорғауға шығарылған негізгі үш тұжырым ұсынылады. Ғылыми танымның заңдылықтары мен

		1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) иә; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) иә; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) иә; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	принциптерін сақтай отырып алынған. **1-тұжырым – дәлелденді, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі кең, мақалада дәлелденген.** Тұжырым шетелдік және отандық көптеген әдебиеттер авторларының және нормативті құқықтық актілеріне сүйене отырып биохакерлермен күрес нысанын орнатқан жөн екенін көрсетеді. **Тұжырым SCOPUS дерекқорындағы журналда және ЖАК тізіміндегі журналдағы жарық көрген мақалаларда дәлелденген:** «Көлеңкелі геномдық зертханалар секторына шолу жасай отырып, қылмыстық кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы күрестің кейбір мәселелері» (Нартай А.Н., Шалхаров Е.С., Досекеев О.Б., Иманбекова М.М., Акимбаева А.А.) «Issues Of Legal Identification Of The Status Of The Human Genome» (Нартай А.Н.); **2-тұжырым – толығымен дәлелденді, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі жоғары, мақалада дәлелденген.** Автормен Қазақстан Республикасында геномдық құқықтық қатынастардың жұмыс істеу жүйесін қамтитын арнайы

			нормативтік-құқықтық акт қажет екені дәлелденген. **Тұжырым мақалада дәлелденген:** «Құқықтық реттеу жүйесіндегігенетикалық инженерияға қатысты актілердің орны (Нормативтік-құқықтық талдау)» (Нартай А.Н., Шалхаров Е.С., Битемиров Қ.Т); **3-тұжырым – толығымен дәлелденді, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі жоғары, мақалада дәлелденген.** Практикалық саладағы прецеденттер мен мамандандырылған сауалнамалар нәтижелеріне сүйене отырып, Қазақстандағы геномдық құқықтың азаматтық-құқықтық бағыттылығы басым екендігін анықтауға болады. Бұл ерекшелік геномдық құқықта мүліктік және мүліктік емес жеке қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығының болуына байланысты. атап айтқанда міндеттемелік құқықтың. шарттық құқықтың. авторлық құқықтың элементтері. сондай-ақ жекелеген әрекеттер мен әрекетсіздіктерге қатысты азаматтар мен заңды тұлғалар арасындағы қатынастардың тәртібі диспозициялық нормалар негізінде белгіленген. **Тұжырым мақалада дәлелденген:** «Система прававого регулирования операций.связанных с маневрами над

			геномом» (Нартай А.Н., Шалхаров Е.С., Битемиров Қ.Т); «The role of human genome related legal study development» (Nartay A.N., Shalkharov Y.S., Bitemirov K.T.).
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) **ия;** 2) жоқ.	Әдіснама нақты және жан-жақты жазылып, автор әдістемелік негізде кешенді тәсілдерін анық көрсетті. Дегенмен, диссертациялық зерттеу құрылымында Қазақстандық прецеденттер толық қамтылмаған. Алайда, сот процестерінің жабықтығы салдарынан кейбір прецеденттерді жария ету мүмкін еместігі ескерілген және бұл жайт формальды сипатта болып, диссертацияның сапасына елеулі әсер етпейді.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертациялық зерттеу заманауи ғылыми әдістерді, оның ішінде әртүрлі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен қолдана отырып жүзеге асырылған. Компьютерлік құралдарды пайдалану арқылы алынған сұрау нәтижелері талданып, олардың көрсеткіштері диаграммалар арқылы дәлелденген.
		1) **ия;** 2) жоқ.	

		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Диссертацияда ұсынылған теориялық тұжырымдар, модельдер және анықталған заңдылықтар кешенді әдістемелік зерттеу арқылы дәлелденіп, расталды. Бұл диссертациядағы ғылыми қағидалар мен тұжырымдарды сенімді әрі негізді деп бағалауға мүмкіндік береді. Сот тәжірибесін талдау барысында зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен қайталануын қамтамасыз ету мақсатында сандық деректер статистикалық әдістер арқылы өңделіп, объективтілік пен дәлдікке қол жеткізілді. Сонымен қатар, теориялық болжамдардың қосымша расталуы қамтамасыз етілді. Алыс шетелдік нақты прецеденттердің нақты сілтемелерімен қарастырылуы диссертацияның ғылыми деңгейін арттыра түсті.
		1) **ия;** 2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертацияда тұжырымдалған барлық қорытындылар теориялық көзқарастар мен заңнамалық өзгерістердің жағдайы мен динамикасын көрсетуге мүмкіндік беретін кең уақыт ауқымын қамтитын құқықтық және теориялық дереккөздердің кең көлемді талдауына негізделген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Жұмыста мәселені ғылыми тұрғыдан дамыту үшін жеткілікті зерттеу тақырыбы бойынша 171 әдеби дереккөздердің тізімі қолданылды.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық	Диссертацияның қорытындылары қазіргі

		маңызы: 1) **бар;** 2) жоқ.	заңнамалық өзгерістер аясында ғана емес, сонымен қатар алдағы зерттеу жұмыстарының теориялық негізі ретінде де қолданылуы мүмкін, бұл оның жоғары теориялық маңыздылығын көрсетеді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) **ия;** 2) жоқ.	Заңнаманы және құқық қолдану практикасын жетілдіру тұрғысынан автордың көптеген тұжырымдары жоғары деңгейде функционалды болып, заңнаманың қазіргі өзгерістеріне және зерттелген сала аясындағы негізгі мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; **2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);** 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Практикалық ұсыныстардың шамамен 75%-ы жаңалық сипатында. Қарастырылған диссертация шеңберінде ғылыми нәтижелер мен қағидалардың жартылай жаңалығы байқалады, себебі олардың басым бөлігі бұрын ғылыми айналымда тұжырымдалған нәтижелер мен қағидаларды қайталамайды.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Жұмыс материалды айқын академиялық стильде ұсынады, ғылыми және формалды-құқықтық дәлдікті жоғары деңгейде сақтайды, сондай-ақ мәтіннің сипаттамалық құрылымы сенімділікпен ерекшеленеді.
11.	Диссертацияға ескертулер		Жұмыстың мазмұнында орфографиялық, стилистикалық кемшіліктер кездеседі. Атап айтқанда, - автор жұмыста «геномдық»,

			«генетикалық» ұғымдарымен қатар, «гендің», «биоинжереңриялық» ұғымдарын да қолданады, бұндай олқылықтар біріздендіруді қажет етеді; - жұмыстың 12 геномдық секторларды көрсеткен кезде жүйелеп кесте нысанында көрсеткен жөн. Кестені презентацияда немесе қолданыстағы материалда көрсетуге де болады; - 16 беттегі ФГБНУ мағынасы көрсетілмеген. - 22 бете ҰМҒТСО мағынасы көрсетілмеген. - 45 бетте «юрисдикция» сөзінің қазақша мағынасын келтірген жөн Жоғарыда аталған ескертулер әдістемелік құрылымына, ғылыми жұмыстың нәтижелеріне кедергі келтірмейді және диссертация сапасын төмендетпейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Диссертация мақалалар сериясы нысанында емес, диссертациялық жұмыс негізінде қорғалады.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына		Дисертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім

	сәйкес)		министрлігінің «Дәрежелерді беру кағидалары» талаптарына сәйкес келеді және Нартай Ажар Нартайқызына «6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыныс жасауға болады деп есептеймін.

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

1. Философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру.

«6D030100 – Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Нартай Ажар Нартайқызының «Қазақстан республикасының құқық жүйесіндегі геномның заңдық мәртебесін сәйкестендіру мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң пікірімді бере отырып, жұмыс қойылатын талаптарға сәйкес және философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:

Каспий қоғамдық университетінің «Әділет» жоғары құқық мектебінің қауымдастырылған профессор м.а., философия докторы (PhD) **Н.М. Батырбай**

Республика Казахстан г. Алматы Каспийский общественный университет Учреждение образования Департамент по человеческим ресурсам Білім мекемесі Каспий қоғамдық университеті Қазақстан Республикасы Алматы қаласы

«19» 06 2024 жыл